



Автор: Сайлаубеков Айдос Жасұланұлы

Пән: Химия

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Химиялық реакциялар

Тақырып: Табиғи қышқылдар мен негіздер. Индикаторлар

Оқу мақсаты	7.3.4.1 – «Қышқылдық» және «сабындылық» қасиеттер кейбір табиғи қышқылдар мен сілтілердің белгілері болуы мүмкін екенін білу. 7.3.4.2 – Химиялық индикаторлар метилоранж, лакмус, фенолфталеинді және олардың әртүрлі ортадағы түстерінің өзгеруін білу.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушы: Табиғи қышқылдар мен сілтілердің белгілері болуы мүмкін екендігін және химиялық индикаторлардың (метилоранж, лакмус, фенолфталеин) ертінділерде түстерінің өзгеруін біледі, түсінеді. Басым бөлігі: Табиғи қышқылдар мен сілтілердің қасиеттерін сипаттайды, мысал келтіреді. Әртүрлі ортадағы индикаторлардың түстерінің өзгеруін ажыратады. Кейбірі: Кейбір табиғи өнімдердің құрамында қышқылдар мен сілтілердің болатындығын біледі және қасиеттерін сипаттай алады. Әмбебап индикатор арқылы олардың ортасын анықтай алады.
Бағалау критерилері	Білім алушы Табиғи қышқылдарды және сілтілерді ажырата алады. Индикатор көмегімен сілтілер мен қышқылдарды анықтай алады.
Тілдік мақсаттар	Оқушылар Табиғи қышқылдармен сілтілерге мысал келтіреді, индикатор арқылы ортасын анықтайды, талдауға арналған сұрақтарға жауап береді, талдайды, тұжырымды ойларын айтады. Пәнге қатысты лексика және терминология Әмбебап – индикатор – indicator Лакмус – лакмус – litmus Фенолфталеин – фенолфталеин – phenolphthalein Метилоранж – метилоранж – Methylorange Ерітінді – раствор – solution Бейтарап – нейтральный – neutral Бейтараптау – нейтрализация – neutralization Сілті – щелочь – alkali Қышқыл – кислота – acid Сілтілік-щелочная-alkaline Қышқылдық-кислотная-acidic Орта – среда – medium Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер: 1. ... қышқылдырақ болып табылады/ ... сілтілірек болып табылады 2. Әмбебап индикатор алынады 3. Қышқылдардың pH мәні ... және негіздердің мәні ... pH шкаласы ... қолданылады. 4. Зертханада қауіпсіздік өте маңызды, себебі... 5. Қышқылдар теріні күйдіреді, себебі... 6. Зертханада / тәжірибе жүргізу кезінде, біз ... жасауымыз/жасамауымыз керек/керек емес
Құндылықтарға баулу	Топтық жұмыста – ұжымшылдық, ортақ істің нәтижесіне жауапкершілікпен қарау; жеке жұмыс – тәжірибеде қолдана алу және қауіпсіздік ережесін сақтау, өзін-өзі реттеу; Бірлесе жұмыс жасау, сын тұрғысынан ойлау, топтық жұмыс барысында өзара сыйластық, ынтымақтастық.
Пәнаралық байланыс	География, физика, биология
Алдыңғы білім	Жану үдерісі № 2 практикалық жұмыс/көрсетілім «Күкірттің, фосфордың, темірдің ауада және оттеkte жануын салыстыру»

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы,
ортасы
(40 минут)

Шаттық шеңберін құру. Жағымды ахуал қалыптастыру. Оқушылар бір-біріне тілек айтады.

Топқа бөлу. Түрлі түсті стикерлерге қышқыл, негіз, бейтарап деген сөздер жазып, сол бойынша 3 топқа бөлінеді.

1-топ. Қышқыл

2-топ. Бейтарап

3-топ. Негіз(сілті)

Топтың аты арқылы сабақтың тақырыбын ашамыз.

Қауіпсіздік ережелерін белгілері арқылы қышқылдармен, негіздермен қалай жұмыс жасау керектігі еске түсіріп өтіледі.

Әрбір топ оқушыларына жеке-жеке ноутбуктер беріледі. Ноутбук бойынша тапсырмалар орындайды, видеолар, мағлұматтар береді.

I «Миға шабуыл» әдісі бойынша өткен тақырыпты еске түсіру.

1. Тұтану температурасы дегеніміз не?
2. Ауа құрамы неден тұрады?
3. Жану реакциясы дегеніміз не? Мысал келтір.
4. Жану кезінде химиялық реакцияның қандай белгісі байқалады?
5. Жану реакциясының нәтижесінде түзілетін өнім қалай аталады?
6. Өртті болдырмау шараларын атаңыз.

Смайликтер арқылы бағаланады.

«Ойлан, жұптас, бөліс» тәсілі.

Топтық жұмыс – оқиды, жазады, постер қорғайды.

II «Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы 3 топ тапсырмасы.

1-топ: Қышқылдарға жалпы мағлұмат береді.

Қышқыл ерітінділерінің қышқыл дәмі болады. Мысалы, көптеген жемістерге олардың құрамындағы қышқылдар қышқыл дәм береді. Лимон, алма қышқылы деген атаулар осылай пайда болған. Көптеген минералды қышқылдар, мысалы, күкірт, азот, тұз қышқылдары түссіз сұйықтықтар. Қышқыл ерітінділерімен жұмыс жасағанда қауіпсіздік техникасы ережелерін мұқият орындау керек. Өйткені қышқылдардың күйдіргіш және уландырғыш қасиеті бар.

Что такое кислый вкус?

- Кислый вкус лимону придает лимонная кислота,
- яблоку — яблочная кислота,
- скисшему молоку — молочная кислота.
- Щавель имеет кислый вкус благодаря наличию в его листьях щавелевой кислоты.



ЯБЛОЧНАЯ КИСЛОТА

Яблочная кислота впервые выделена К.Швее в 1785 г. из незрелых яблок. Ею богаты цитрусовые, вишня, брусника, малина, яблоки и других растений. Применяется при изготовлении фруктовых вод и кондитерских изделий.



Молочная кислота

- ❖ В кисломолочных продуктах, кондитерских изделиях, глазе, безалкогольных напитках и консервированных овощах.
- ❖ Регулятор кислотности.
- ❖ Антиоксидантное действие.
- ❖ Положительное влияние на процессы роста, зрелости, вкусообразования и производства.



Что нас объединяет?



Стикерлер
АКТ,
Плакат,
Маркер

5db432cce88eb.jpg

Image not found or type

<https://bilimland.kz>

бейне
материалдары

Қышқылдар
(1)

<https://bilimland.kz/kk/content/structure/976-chemistry#lesson=11313>

бейне
материалдары
Қышқылдар
(2)

<https://bilimland.kz/kk/content/structure/976-chemistry#lesson=11314>

5db432f881e07.jpg

Image not found or type

<https://twig-bilim.kz/kz/film/acids-and-alkalis-part-1>

<https://twig-bilim.kz>

бейне
материалдары

Негіздер

<https://bilimland.kz/kk/content/structure/976-chemistry#lesson=11315>

Сабақтың соңы
(3 минут)

Бүгінгі сабағымыздың мақсаты жүзеге асырылды ма?

Рефлексия жүргізу

Сабаққа оқушылар өз бағасын береді, әр оқушы сәйкес садақ алып, тақтадағы нысанаға жабыстырады.



Бағалау

Қалыптастырушы бағалау.

Үйге тапсырма:

Индикатор дайындау. Ол үшін майлық қағаз (салфетка), қарақат тосабы немесе орамжапырақ шырыны керек. Осы ерітінділерді қағазға тамызып, кептіріңдер. Кепкен қағазды бірнеше бөлікке бөліп, сірке суының, ас содасының ерітіндісіне және суға батырыңдар. Индикатор түсінің өзгеруін бақылаңдар.

Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?

Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?

Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау

Әртүрлі деңгейдегі оқушыларды түгел қамту үшін жеңілден күрделіге қарай бағытталған топтық тапсырмалар арқылы жұмыс жасай отырып, қолдау көрсету. (1. Табиғи қышқылдар мен сілтілер туралы түсінік береді. Индикаторларды ажырата алады. 2. Индикатор көмегімен қышқылдар мен сілтілерді анықтайды. 3. Химиялық индикаторлардың әртүрлі түстерінің өзгеруіне нақты мысалдар келтіреді.)	Оқушыларды бақылай отырып смайликтермен бағалау. Бағдаршам, басбармақ әдіс ақылы және мұалім тарапынан мақтау , мадақтау сөздерімен бағалаймын. Сабақ соңында көңіл күйді білдіретін «Нысана» әдісі бойынша. Егер бала түсінбегенін білдірсе, нені түсінбегенін сұрап кетемін.	-- Сабақтың басында сыныпта ынтымақтастық қалыптастыру және химия зертханасының қауіпсіздік ережелерін сақтау. – Оқу бөлмесінің таза, жарық, желде тілген. – Оқу құралдары керекті ресурстар өз орнында техрикалық қауіпсіздігі сақталған. – Қолданылған жемістер, тағам түрлері ескірмеген.
Сабақ бойынша рефлексия	Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?	